



Ұлы Жеңістің 60 жылдығына беріліп жатқан күнделікті хабарларды көргенде, сонау отты жылдарды бастан өткерген ардақты әкем есіме түседі.

Менің әкем Дәлел Ашмұханбетұлы 1921 жылы туған. Соғыс басталғанда небәрі 20 жастағы жігіт екен. Әскери борышын өтеп жүрген ағасы Аллабергенге

сол кезде елге оралуға аз уақыт қалса керек. Үй

іші Аллабергеннің «Ауылға қайтам» деген хатын алып, қуанып отырғанда, кенет соғыс басталады.

Соғыстың алғашқы жылында әскери дайындығы бар солдаттарды алдыңғы шепке жібереді. Алғашқылармен бірге ұрысқа кірген Аллаберген ағай хабар-ошарсыз кетеді. Әке-шешесі ұлдарын өмірлерінің соңына дейін тірі деп ойлап, күтумен өтті. Көп ұзамай екінші ұлдары Дәлел әскери комиссариаттан шақырту қағазын алады.

Жаналан жасақталған әскерді Украина майданына соғысқа жібереді. Бұл кезде немістер күш алып, соғыс бүкіл Еуропаны жайлап бара жағайды.

Қиян-кескі шайқаста әкем он шақты адаммен қоршауда қалады.

-Қарша бораған оқ бас көтертпейді. Ұзақ шайқастан кейін тым-тырыс бола қалды. Біз есімізді жинасақ, неміс солдаттары бізді қоршап алынды. Сөйтіп аяқ астынан неміс тұтқынына айналдық. Украина жерінде неміс тепкісінде

бірнеше ай жүрген соң, бізді эшелонға тиеп, Германияға жетті. Онда ең ауыр жұмыстарға жекті. Жұмыстан дінкеміз құрып келгенде, кешкілік аш-жалаңаш зынданға тастайды. Адам баласының арқасы суыққа шыдамайтынын сонда білдім, жылыну үшін бір-бірімізге арқамызбен жабысып отырамыз. Түнде өлгені өліп, өлмегеніміз ертеңінде көрешекті тағы көреміз. Аштық жанымызды қинағанда, көшедегі құл-қоқысты аралап, картоптың қабығын, тағы сондай қалдықтарды теріп жеп, талғажау етеміз. Түнейтін жеріміз – сол зындан. Таяқ еттен өтіп, сүйекке жеткенде, бір жағы аштық қинағанда Аллаға жалбарынып, өлім тілейтін едік. Бірде зарлап жылап жатып, талықсып кеткенде түс көрдім. Түсімде бір жағымнан ай, бір жағымнан күн туыпты. Сол түс бір емес, бірнеше рет қайталады. Үлкендер «түсінде ай мен күн туғанын көрсен,

жетті. Біраз уақыт өткен соң Кеңес елінен елші келіп: «Елге ораламын десеңдер, алып қайтамыз, қаламыз десеңдер, ерік өздерінде»,-деді бізбен келіссөз жүргізгенде, біз көп ойландық. Ақырында «Ажал жетіп тұрса, елге барып өлейік. Әке-шешеміз, туған-туыстарымыз бізді сатқын деп кеудеден итермес деп өз-өзімізді жұбағып елге оралуға тәуекел еттік. Ал балалар үйінде тәрбиеленген азаматтар сол жақта қалып қойды,-деп айтып отырушы еді әкем.

Соғыстың аяқталғанына біраз уақыт өткенде, «Дәлел тірі» деген хабар алып, әке-шешесі, туған-туыстары сенер-сенбесін білмей, көздерімен көргеннен кейін қуаныштарында шек болмаған.

Әкеміздің елге келгеннен кейін бірнеше рет тексеруден өтіп, азапшеккені өз алдына бір әңгіме. Әйтеуір Алланың қолдауымен шындық жеңіп, соғыс ардагері деген

күрметті атаққа ие болады.

Соғыстан кейін ха-

лық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары басталады. Бұл кезең де ер-азаматтарға сын болды. Менің әкем елдің тұрмысын көтеруге өз үлесін қосты.

1948 жылы әкем анамыз Қазизамен бас қосып, он бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәріне білім беріп, оларды адамгершілікке тәрбиеледі. Көңілді күндерінің бірінде әкем: «Фашистердің тепкісінде жүргенде түсімде көрген айым, күнім сендер екенсіңдер» деп айтып отыратын.

Анамызбен 55 жыл тағу-тәтті ғұмыр кешкен әкеміз былтыр 83 жасында дүниеден өтті. Жеңістің 60 жылдығын көруді әкемнің мандайына жазбапты.

Кейінгі ұрпақ ел басынан өткен сол бір зұлмат кезеңді ұмытпауы тиіс. Олар қаншама жастың бейбіт өмір үшін қыршынынан қиылып, майдан даласында қалғанын, бізге жеңістің қаншалықты қымбатқа түскенін біліп өссе деймін.

Рухия Дәлелова, Көктобе ауылы

ҚЫМБАТҚА ТҮСКЕН ЖЕҢІС

өмірің ұзақ болады, бақытты ғұмыр кешесің»,-деп отыратын,-дейді әкем.

Әкем тұтқынға түскенде, әке-шешесіне кара қағаз келіпті. Екінші ұлдары-әкемнен каралы хабар келген соң, әке-шешесі жетісін, қыркын беріп, одан күдерін үзіп, өлдіге балаған. Ал із-түзсіз кеткен үлкен ұлдары Аллабергенді өлдіге кимапты. Қолдарындағы 5-6 жасар Құмарын демеу етіп, Аллаға шүкіршілік етуден басқа амалы қалмаған.

Соғыс аяқталып, Кеңес әскері жеңіске жеткенде, менің әкемді қасындағы адамдармен бірге Англияға өткізеді.

-Бізді Англия мемлекеті жақсы қарсы алды. Неіше жыл көрмеген моншаға түсіріп, тәтті-дәмді аспен тамақтандырды. Бізге «Енді не де болса осында қалыңдар. Сендер елдеріне оралсаңдар, бәрібір сатқын деп азаптайды. Әке-шешелерің өлді деп отыр. Сондықтан осында қалуларыңызды өтінеміз» деп күнде үгіт-насихат жүргізетін. Біздің әскер жеңіске